«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

«Бекетімін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Л.Қ. Сағындықова
«___» _____ 2024 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ № 1 ХАТТАМАСЫ

11 маусым 2024 ж.

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы
- **Б.Ж Тайшеев** –Алматы музейінің жетекшісі
- **Л.Ұ. Абекова** - қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі
- **Н.П.Чулакова –**тарихи-мұра бөлімінің жетекшісі
- **М.М.Нұрпеисов** – аға ғылыми қызметкер
- **Н.Ж.Бектұрсынов –** реставратор

Комиссия хатшысы: **Э.К. Онайбекова** – қор сақтаушы

Шақырылған: А.С. Қожамұратова – Алматы қаласының тарихи музей бөлімінің жетекшісі.

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған Қазақстан Республикасының халық суретшісі Жаңатай Шәрденовтың 1975 жылы салынған «Қысқы таулар» (Зимние горы) майлы бояудағы авторлық туындысы. Картинаны ЖК «LIGHT-LUX» ұсынып отыр.

Жаңатай Шәрденов жайлы айта кетсек, 1927 жылы Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Коваленко ауылында дүниеге келіп, 1992 жылы Алматы қаласында дүниеден озған. Ж.Шәрденов кескіндемеші, Қазақ КСР-інің халық суретшісі (1991 ж.).

1949 жылы Алматы театр-көркемсурет училищесін бітіріп, 1953-1955 жылдар аралығында Ленинградтың (қазіргі Санкт-Петербург) кескіндеме, мүсін және архитектура институтында оқыған. Ұсынылып отырған «Зимние горы» туындысында тау панорамасының пейзажы берілген. Иесінің сұрап отырған сомасы ЖК «Оценочно-консалтинговая компания «Kalinin & Parthers» берген бағасы бойынша 6 460 400 теңге.

Комиссия мүшелеріне саралап, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытындысы мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы

жұмыстың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысыңыздар. Аталған туындыны мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Б.Ж. Тайшеев: Жаңатай Шәрденов қазақ кескіндемесінде пейзаж шебері ретінде енген суретшілердің бірі. Ж. Шәрденов тек Қазақстанға ғана белгілі кескіндемеші, суретші емес, шет елде де туындылары көрмеге қойылған. Шәрденовтің өнерін американдық белгілі суретші Р.Кент жоғары бағалаған болатын. Комиссия назарына ұсынылып отырған туындысында тау панорамасын кескіндеген. Жұмыстың бағасы орынды деген ойдамын. Алматы музей қорын толықтыруға алуға болады.

Н.П.Чулакова: Иә, әрине мен сізбен келісемін. Атақты, өз орны бар тұлғалардың авторлық туындылары біздің қорымызды толықтырары сөзсіз. Ж.Шәрденовтың «Ағаш түбіндегі шағын үй», «Жас қайыңдар», «Медеуге апарар жол» секілді белгілі жұмыстары ел арасына кеңінен танымал дегім келеді.

М.М.Нұрпеисов: Комиссия мүшелеріне ұсынылып отырған туынды құнды, бірегей екені анық. Ж.Шәрденовтың кескіндеме салуда өзіндік қолтаңбасы бар. Суретте пейзажы әсерлі, ырғақты әрі көркем жасалған. Иесінің сұрап отырған бағасы шамаға келеді.

А.С. Қожамұратова: Музей қорын толықтыру мақсатында ұсынылып отырған Ж.Шәрденовтың туындысында ақшыл көк-сұр түсті палитра басымырақ келіп, бояулары сілтей жағылған. Аталған туындысында бояуларды араластыра отырып, түрлі-түсті бояуларды қабаттастыра жағып кескіндемелік жұмыс тудырған. Бет жағында қолтаңба жоқ. Сырт жағында майлы бояумен және қарындашпен жазылған. Суретті көрмелерге және экспозицияға қоюға болады, бағасымен келісемін.

Р.Қайратұлы: Біз музей қорларын толықтыру мақсатында және белгілі бір тақырыптарға байланысты материалдарды сатып алатындықтан, экспозиция құру кезінде музейге маңызы бар, құнды, болашақта ұрпағымызға халқымыздың тарихын аша алатын материалдарды алуға тырысамыз. Ұсынылып отырған Ж.Шәрденовтың туындысы авторлық түпнұсқа болып табылады, пейзаждық өнерді көрсетіп тұрған жұмыс. Біздің музейлер экспозициясында өз орнын табады деп сенемін. Бағасына келетін болса, бағалау комиссиясы нарықтағы бағасын берген. Комиссия мүшелерінің пікірімен келісемін.

Н.Ж.Бектұрсынов: Мен де әріптестерімнің пікірімен келісемін. Ж.Шәрденовтың аталған жұмысының мәдени-көркемдік, тарихи құндылығы бар. Жұмыстың сақталуы жақсы, реставрацияны қажет етпейді. Ия, бағасы нарықтағы баға, келісемін.

Л.Ұ. Абекова: Ж.Шәрденов республика, көркемсурет көрмелеріне қатысып, бірнеше рет дербес көрме ұйымдастырған. Жоғарыда әріптесім айтып кеткендей оның шығармалары шет елдерде де талай рет қойылды. Сурет құнды, көркемдік, мәдени маңызы бар. Музей қорын толықтыру мақсатында суретті алуға және бағасына келісемін.

ІІ. ТЫҢДАЛДЫ.

Л.Ұ. Абекова: Келесі комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған талантты, жас суретші, Қазақстан Республикасының Суретшілер одағының мүшесі (2012ж.) Алмас Нұрғожаевтың «Аңыракай шайқасы» туындысы. Өлшемі 216х125 см, 2023 жылғы. Жас суретші 1988 жылғы, Алматы облысы Райымбек ауданы, Кеген ауылында дүниеге келген. 2007 жылы О.Таңсықбаев атындағы өнер колледжін және 2012 жылы Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясын бітірген. А.Нұрғожаев 2019-2023 жылдар арасында әртүрлі деңгейдегі республикалық және халықаралық көрмелерге қатысқан. 2019 және 2022 жылдары Ә.Қастеев атындағы өнер музейінде «DEBUT» және «ӨТКЕЛ» атты жеке көрмелерін өткізген. Картинаны ЖШС «Orley center of information» ұсынып отыр.

Иесінің сұрап отырған бағасы **1 200 000** (бір миллион екі жүз мың) теңге.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Б.Ж. Тайшеев: Жоңғар басқыншылығына қарсы қазақ халқы Отан соғысының (1723—1730) жеңіспен аяқталуында Аңыракай шайқасы аса көрнекті рөл атқарды

Осындай шайқасты сурет етіп бейнелей білген Алмас Нұрғожаев жастар ішінен шығып келе жатқан талантты суретші дегім келеді.

Н.П.Чулакова Картинаға келетін болсақ, ең бірінші қандай музейге және қай жаққа қолдана аламыз деген сұрақ туындайды. Алдағы уақытта Райымбек батыр музей кешенін толықтыру мақсатында болса, алуға болады, әрине бағасын түсірген жағдайда.

Р.Қайратұлы: Комиссия мүшелеріне ұсынылып отырған Алмас Нұрғожаевтың картинасы жайлы айта кетсем, картинаның өлшемі мен бояулары жақсы, Райымбек батыр музей кешенінің музеефикациясы жүргізілген кезде, осы «Аңырақай шайқасы» картинасы музей экспозициясында өз орнын табады деп сенемін. Картинаның бағасын түсіріп алсақ дұрыс болар еді.

Р.Турсумбекова: иә, дұрыс, келісемін. Қазақ батырлары, хандары сомдалған картиналарды болашақта Райымбек батыр музей кешені болсын, музейімізде қазақ хандығына байланысты экспозиция немесе тақырыптық көрмелерге қоя аламыз.

А.С. Қожамұратова: А. Нұрғожаев халықаралық және республикалық конкурстарға қатысып, жеке көрмелерін өткізіп жүрген, болашағына үмітпен қарайтын, дарынды жас суретші. Комиссия назарына ұсынып отырған туындысының өлшемі көлемді екен, бояуларын жақсы келтіре білген, бірақ картинаның композициялық ортасы жоқ дегім келеді. Бағасы шамамен 1 000 000 теңгені құрайды деп ойлаймын.

Н.Ж.Бектұрсынов: Ия, жас суретшінің туындысының мәдени-көркемдік, тарихи құндылығы бар, көп бейнелі композиция. Бағасын түсірген жағдайда, алуға болады. Менің де ойымша картинаны 1 000 000 млн нан артық бағалай алмаймыз.

Р.О. Турсумбекова: Комиссия мүшелері ұсынылып отырған картиналарды төмендегідей бағамен сатып алуға келісті.

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	Ж.Шәрденов картинасы «Қысқы таулар» (Зимние горы»), 1975 ж.	1	6 460 400
2.	Картина «Аңырақай шайқасы», 2023ж.	1	1 000 000

Барлығы: 2 атаулы бұйым (2 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **7 460 400 (жеті миллион төрт жүз алпыс мың төрт жүз) теңгені** құрайды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың 2 атаулы бұйым (2 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
2. Қорға сатып алуға ұйғарылған затттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген баға иелеріне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 1 хаттама музейлік маңызы бар сомасы **7 460 400 (алты миллион төрт жүз алпыс мың төрт жүз)** теңгеге 2 атаулы (2 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына сатып алынсын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова

Б.Ж.Тайшеев

Л.У.Абекова

Н.П.Чулакова

М.М.Нұрпеисов

Н.Ж.Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова